

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-5461.19>

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАУІПСІЗДІК - ТАРИХИ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС

¹Ляпбаева Н.И. ²Шамшиева Г.С.

¹Ә.ғ.к., ассоц. профессор, М.Тынышбаев атын. ҚазККА,
Қазақстан, Алматы қ., *E-mail: lyarbai-n@mail.ru*
² Т. ғ.к., ассоц. профессор, М.Тынышбаев атын. ҚазККА,
Қазақстан, Алматы қ., *E-mail: goha_hanum@mail.ru*

Аңдатпа

Ұсынылып отырған ғылыми мақалада "әлеуметтік қауіпсіздік" ұғымына талдау жасалып, оның пайда болу, шығу тарихына қатысты кейбір мәселелер қарастырылады. Алдымен жалпы әлеуметтік қауіпсіздіктің теориялық мәселелерінің маңызды тұстарына тоқтала отырып, зерттеушілер тарихтағы әлеуметтік қауіпсіздік мәселелесін ашып көрсетеді. Сонымен бірге, көне заманнан бастап қалыптасқан қауіпсіздік құбылыстарына талдау жасайды.

Аталмыш мақалада ежелгі, орта ғасырлардағы және жаңа замандағы ғылымдағы әлеуметтік қауіпсіздіктің зерттелу жағдайы қарастырылған. Осы тарихи кезеңдердегі ойшылдар мен ғалымдардың көзқарастары мен пікірлеріне қысқаша талдау жасалған.

Сонымен қатар, мақалада қазіргі кездегі әлеуметтік қауіпсіздіктің көкейтестілігіне қатысты бірқатар мәселелер де баяндалған.

Түйін сөздер: әлеуметтік қауіпсіздік, тарихтағы әлеуметтік қауіпсіздік, қоғам, әлеуметтік құбылыс, әлеуметтік шиеленіс, қоғамды басқару

Lyarbayeva N.I.¹²Shamshiyeva G.S.

¹*K. Soc.n., Ph. D Assoc.Professor, Kazatk.M. Tinishpaeva,*
Kazakhstan, Almaty, E-mail: lyarbai-n@mail.ru
²*Ph. D., Assoc.Professor. Kazatk M. Tinishpaeva,*
Kazakhstan, Almaty, E-mail: goha_hanum@mail.ru

SOCIAL SECURITY AS A SOCIO-HISTORICAL PHENOMEN

Abstract

The proposed scientific article analyzes the concept of "social security", discusses some issues related to the history of its origin and origin. First of all, speaking about the most important aspects of theoretical problems of social security in General, researchers reveal the problems of social security in history. At the same time, it analyzes security phenomena that have been occurring since ancient times.

This article examines the state of the study of social security in ancient, medieval and modern science. A brief analysis of the views and statements of thinkers and scientists of these historical periods was carried out.

In addition, the article presents a number of issues related to the relevance of modern social security.

Keywords: social security, social security in history, society, social phenomenon, social tension, management of society.

¹Ляпбаева Н.И. ²Шамшиева Г.С.

¹ К.соц.н., ассоц. профессор, КазАТК им.М.Тынышбаева,
Қазақстан, г. Алматы, *E-mail: lyarbai-n@mail.ru*
² К.и.н., ассоц. профессор, КазАТК им.М.Тынышбаева,
Қазақстан, г. Алматы, *E-mail: goha_hanum@mail.ru*

СОЦИАЛЬНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ КАК СОЦИАЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКОЕ ЯВЛЕНИЕ

Аннотация

В предлагаемой научной статье анализируется понятие "социальная безопасность", рассматриваются некоторые вопросы, касающиеся истории ее возникновения, происхождения. Прежде всего, говоря о важнейших аспектах теоретических проблем социальной безопасности в целом, исследователи раскрывают проблемы

социальной безопасности в истории. Вместе с тем, анализирует происходящие с древнейших времен явления безопасности.

В данной статье рассматривается состояние изучения социальной безопасности в древней, средневековой и современной науке. Был проведен краткий анализ взглядов и высказываний мыслителей и ученых этих исторических периодов.

Кроме того, в статье изложен ряд вопросов, касающихся актуальности современной социальной безопасности.

Ключевые слова: социальная безопасность, социальная безопасность в истории, общество, социальное явление, социальная напряженность, управление обществом.

Адам мен қоғам қауіпсіздігінің түрлі аспектілері көптеген ғылымдардың зерттеу пәні болып табылады. Бұл мәселе қазіргі уақытта өте өзекті болып отыр. Өйткені қандай тарихи кезеңде болмасын, ең алдымен қоғамның әлеуметтік қауіпсіздігі және оны қамтамасыз етудің проблемаларын зерттеудің барынша жан жақты маңыздылығы және оны қамтамасыз етудің әрекет етуші тетіктерін қалыптастырудың қажеттілігіне байланысты. Әсіресе, қазіргідей ішкі және сыртқы факторлармен байланысты қоғамның қауіпсіздігіне қатер төніп тұрған шақта бұл проблеманың өзектілігі барған сайын артып келеді.

Әлеуметтік қауіпсіздік мәселесі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда, оның ішінде әлеуметтану ғылымдарында жеткілікті зерттелмеген мәселенің бірі болып табылады. Қазіргі таңда, жалпы қандай қоғамда болмасын әлеуметтік-психологиялық жағдай тұрақты емес, бұл жағдай барған сайын қоғамның әлеуметтік-саяси тұрақтылығына теріс әсер етіп, әлеуметтік шиеленіске алып келуде. Адамдардың психологиялық тұрақтылығы төмендеп бұл жағдай олардың өмірдегі әлеуметтік-психологиялық бағыт-бағдарын жоғалтуына себепші болып отыр. Бір сөзбен айтқанда, адам мен қоғамның байланысы бұзылуда.

Қауіпсіздік - күрделі әлеуметтік құбылыс, ол құрылымы жағынан алғанда да көп жоспарлы және көп қырлы болып келеді, қоғамда да әр түрлі жағдайда көрініс береді. Сонымен бірге әр түрлі әлеуметтік субъектілердің қарым-қатынастарындағы қарама-қайшы мүдделерді де көрсетеді. Мәселен, олардың бірі өзінің қауіпсіздігін басқалардың тарапынан, бірақ олардың, яғни басқа адамдардың, топтардың, халықтардың мүддесімен санаспай қамтамасыз еткісі келеді, ескі және эгоистік көзқарастар тұрғысынан ойланады, сөйтіп тіпті заңдарды да елемеге тырысатын жағдайлар ұшырасады. Әсіресе, қазіргідей арта түскен жаһандану жағдайында қауіпсіздік алдыңғы орындардың біріне шықты.

Осыған байланысты, осы жерден қауіпсіздік проблемасының субъективті позициялармен, біржақты емес бағалаулармен, фрагменттік пікірлермен байланыстылығы шығады.

Біқтимал, болуы мүмкін сыртқы факторлар мен радикалды ішкі әсерлерден қорғауға деген қажеттілік, нақты айтқанда әлеуметтік қауіпсіздікке деген қажеттілікті туындатады. "Әлеуметтік қауіпсіздік - бұл қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік саласының оларды бұзатын немесе олардың деградациялануына себепші болатын қауіп-қатерлерден қорғану жағдайы. Әлеуметтік қауіпсіздіктің нысандары адамдар мен олардың заңды мүдделері, қауымдастықтар, қатынастар болып табылады" [1]. Әлеуметтік қауіпсіздік проблемасына қазіргі кезде саясаттанушылар да, саясаткерлер де, әлеуметтанушылар да назар аударады, бұл барған сайын осы проблеманың өзектілігі артып келе жатқандығын көрсетеді. Әлеуметтік қауіпсіздік проблемасы қазіргі таңда қоғамдық ғылымдарда бұл мәселенің әлеуметтік-экономикалық, саяси, әлеуметтанулық және жеке-дара-тұлғалық қырларын есепке ала отырып, кешенді түрде зерттелуде.

Әлеуметтік қауіпсіздік жеке тұлғалардың болсын, сондай-ақ тұтас алғанда қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарының болсын, басты қажеттілігі болып табылады.

Адамдар мен әлеуметтік топтардың қауіпсіздігіне төніп тұрған қауіп-қатерлердің қазіргі таңда көбеюі жағдайында қауіпсіздікке деген қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында түрлі мекемелер мен ұйымдардың ортақ бір консенсусқа келу мәселесі пайда болады.

Қай уақытта болмасын тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қоғамның өзекті проблемасы болып келе жатыр. Бұл мәселе өткен кезеңдерде де, қазіргі кезде де түрлі білім саласындағы ойшылдар мен ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қарастырылды. Қандай ғылыми білім болса да өзінің бастауын антикалық дәуірден алады. Соның ішінде Сократ, Платон, Аристотель және т.б. ұлы ойшылдардың еңбектері көптеген ғылыми білімдерге негіз болды. Қоғамның қауіпсіздігі мәселесі де бірқатар философиялық және әлеуметтік ілімдер жүйесінде көрініс тапты. Бірақ ол кезеңдерде қауіпсіздік мәселесі басқаша тұрғыдан қойылды және оның қазіргі мазмұны мен түсіндірілуінен ерекшеленді. Алайда, қазіргі таңда да ежелгі дәуірлердегі сияқты қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы қоғамдық дамудың өзекті мәселелерінің бірі болып қалып отыр. Әр түрлі тарихи дәуірлердің ойшылдары әлеуметтік қауіпсіздік проблемасын түрліше қарастырды. Антикалық дәуірде, Жаңару дәуірінде, Жаңа және кейінгі замандарда қауіпсіздік түсінігінің қалыптасуы әлеуметтік-саяси ілімдердің дамуы шеңберінде, соның ішінде мемлекет, оның табиғаты және атқаратын қызметіне қатысты еңбектерде қарастырылды. Қауіпсіздік туралы және оның тұлғалық, қоғамдық және мемлекеттік аспектілері туралы алғашқы түсініктер ежелгі грек философтары Платон мен Аристотельдің еңбектерінде пайда болды. Атап айтқанда, Платонның "Мемлекет", "Саясаткер", "Заңдар" атты еңбектерінде қоғам туралы негізгі көзқарастары баяндалған болатын. Белгілі мінсіз мемлекеттік құрылым теориясын Платон "Мемлекет" атты еңбегінде дамытты, бұл еңбегінде ол жалпыға бірдей қажеттіліктер мен барлығына ортақ береке үшін азаматтар мен мемлекеттің арасында еңбекті бөлу қажеттігі жөніндегі қағиданы негіздеді. Мемлекет пен оның халқын біріктіретін жалғыз нәрсе, Платонның пікірінше, бұл "рахат алу мен қайғырудың ортақтығы,

бірдеңе пайда болып немесе жойылған кезде барлық азаматтар дерлік бірдей қуанып немесе бірдей қайғырады. Ал мұндай жағдайларда оқшаулану азаматтардың арасындағы байланысты бұзады" [2]. Мінсіз мемлекет, Платонның пікірі бойынша, ең жақсылардың әділетті басқаруы, әділдік заңдарын басшылыққа алған философтардың басқаруы. "Заңдар" атты еңбегінде Платон егер заңның күші болмаса, ол біреудің билігінде болса, онда ондай мемлекет құриды деп жазған болатын. Сондықтан, заңды қорғауда сот әділдігі болу керек, онсыз мемлекет мемлекет болудан қалады. Платон мемлекетте болуы мүмкін басқарудың негізгі үш формасын көрсетті: монархия, аристократия, демократия. Бұлардың ішіндегі мемлекетті басқарудың мінсіз формасы, оның пікірінше, - аристократиялық болмаса монархиялық. Демократия - кедейлердің билігі, онда шексіз еркіндік үстемдік етеді. Платонның еңбектерінде мемлекеттің мүддесі тұлға мен қоғамның мүдделерінен әрдайым жоғары тұрады. Ал, тұлғаның құндылығы мен мәні оның барынша мемлекетке адал қызмет атқаруымен анықталады. Платон қызмет субъектілерінің моральдық жағдайы негізгі орынды иемденетін, қауіпсіздіктің әлеуметтік тұрақты жүйесін құруды ұсынды. Адам мен қоғамның арасындағы үйлесімді қарым-қатынасқа, оның пікірінше, әділ және қауіпсіз тәртіп орнату арқылы қол жеткізуге болады. Қысқаша айтқанда, Платонның әлеуметтік-саяси ілімдерінің мазмұны қандай мемлекет азаматтарының әл-ауқаты мен қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз етуге қабілетті екендігі туралы түсінікті қамтиды. Бұдан ары қарай ежелгі грек философиясындағы қауіпсіздік туралы түсінік Аристотельдің еңбектерінде дамыды. Аристотель өзінің әлеуметтік-саяси көзқарастарын "Саясат" атты еңбегінде баяндады. Аристотель мемлекетті табиғи, еркін адамдарға тән саяси қарым-қатынастан пайда болған күрделі ұйым ретінде қарастырды. Оның пікірінше мемлекет көптеген бөліктерден тұрады және де ол оны құрайтын азаматтардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Сөйтіп ол Платонның мемлекетке баға берудегі бірлікке ұмтылысын теріс бағалап, мемлекет "жай ғана өмір сүру үшін емес, бақытты өмір сүру үшін" құрылатындығын атап көрсетті. басқарудың барлық формаларын Аристотель "дұрыс" (монархия, аристократия және полиция) және "бұрыс" (тирания, олигархия және демократия) басқару деп екі топқа бөледі [3]. Аристотельдің пікірінше, дұрыстықтың өлшемі жалпыға бірдей пайда әкелетін және заңдардың үстемдік етуі идеясымен байланысты әділдік идеясы болып табылады. Сөйтіп, әділдік идеясы мен қоғамдық әділдіктің өзі оның пікірінше, тек қана заң басқаратын мемлекетті құру жолымен іске асатын болады. Аристотельдің көзқарасы бойынша, әлеуметтік әділдік пен бақытты қоғамның кепілі мемлекет болып табылады. Сондықтан қоғамға төнетін барлық қауіп, оның ойынша, мемлекеттік құрылымда және оның функционалдық табиғатында жатыр. Яғни, мемлекеттің бұрыс құрылымы қоғамдық дамудың қауіпсіздігінің негізгі қатері болуы мүмкін. Жалпы алғанда, антикалық философиялық ойлар үшін мемлекетті жалпыға ортақ береке идеясымен ұқсастыру тән болды. Қоғамдық даму үдерісіндегі тұлға мен қоғамның ролі қауіпсіз және әділетті қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің субъектісі ретіндегі мемлекеттің айқын үстемдік етуі барысында айтарлықтай төмен болды.

Қоғамдық тұрақтылық пен қауіпсіздіктің кепілі ретіндегі әділдік идеясы мен әділетті мемлекет идеясы бұдан кейінгі Орта ғасырлар дәуірінде де өзінің жалғасын тапты. Бірақ бұл кезеңдерде біршама басқаша, теологиялық ұстанымдар мен теориялар тұрғысынан қарастырылды. Оның бір өкілі еуропалық ойшыл, "шіркеу әкелерінің" бірі ірі христиандық философ Аврелий Августин болды. Ол тек қана шіркеу ақиқат мемлекет деп есептеді, онда құқық пен жалпыға бірдей пайда, шынайы әділдік, татулық пен тыныштық іске асады деді. Оның пікірінше, құдай адамға еркін ерік-жігер берген, ол соған сәйкес не өзінің еркімен, не құдайдың еркімен өмір сүруге қабілетті. Өмір сүру тәсілін таңдау ақиқат пен құтқарылудың қайнар көзі ретіндегі сенім мен махаббатқа байланысты болады. Августин әділдікті, татулық пен тыныштықты әлеуметтік берекенің негізі деп қарастырды. Оның ойынша, егер мемлекетте дінге деген құрмет пен әділдік болса, онда басқарудың барлық формалары беделге ие болады. Осы кезеңдерде діни философия мен қоғамдық-саяси ойдың дамуына үлес қосқан итальяндық католиктік теолог, адамзат данышпандарының бірі Фома Аквинский болды. Ф.Аквинскийдің танымал еңбектерінің қатарында "Троица туралы", "Теологияның жиынтығы", "Мән мен мәнділік туралы" деген еңбектерін атап көрсетуге болады. Аквинский Шіркеудің бесінші ұстазы, "схоластика князі", "періште доктор" ресми атақтарға ие болған. Христиан әлеміне сіңірген еңбегі үшін Фома Аквинский әулие атанды. Ол Аристотель зерттеген билік формулаларын қарастыра отырып, монархияға басымдық берді. Билік, Аквинскийдің пікірінше, өзгермейтін игілік, өйткені билік өзінің табиғатында құдайдың құдіретімен орнаған заң. Алайда, билікте жамандық та қатар жүруі мүмкін. Өйткені басқарушылардың іс-әрекеті Құдайдың еркінен ауытқитын уақыттар болады, олардың шіркеудің мүддесіне қарсы әрекет жасайтын кездері де болады. Дегенмен де, Ф.Аквинский мемлекеттің мүдделерін тұлғаның мүддесінен жоғары қойды. Мемлекеттің игілігі адамзаттыкінен жоғары, егер мемлекет зардап шексе, оның азаматтары да қиналады деп есептеді. Мемлекет пен оның әрбір тұлғасының игілігі үшін әрбір адам өзінің Құдай белгілеген міндеттерін бұлжытпай орындауы қажет, мемлекет пен оның азаматтарының қауіпсіздігінің кепілі осыдан шығады деп түсіндірді. Ежелгі дүниеде қарастырылған әлеуметтік-саяси білімдер кейін Жаңару дәуірінде де толығып байи түсті. Соның ішінде Н.Макиавеллидің еңбегі зор болды. Оның "Государь" атты еңбегінде мемлекеттік билік мәселесі жан-жақты қарастырылды. Оның ойынша, басқарудың ең жақсы формасы - республика, өйткені республикалық басқару әркімді басқарудың тағдыры үшін жауапты етеді. Бірақ, басқарудың республикалық түрі, оның ойынша, егер халықта азаматтық адамгершілік дамымаса өте тұрақсыз және іс жүзінде мүмкін емес. Макиавелли мемлекеттің қажеттілігін адамның эгоистік табиғатымен негіздеп қарастырды. Қоғамның қауіпсіздігін Макиавелли күшті басқарушы басқаратын күшті мемлекет деп түсіндірді. Бастысы, билікке келу емес, оны ұстап қалу екендігін атап көрсете келе Макиавелли билікті ұстап тұрудың схемасын ұсынды. Бұл схема кейінгі дәуірлерде көптеген авторитарлық көшбасшылар үшін үлгіге айналды. Макиавелли өзінің еңбектерінде тоталитарлық мемлекеттің қызмет етуінің негіздерін баяндады, онда "тұлға", "әлеуметтік әділдік", "мораль" сияқты ұғымдарға орын жоқ екендігін атап көрсетті.

Макиавеллидің ұсынған тұжырымдары Жаңару дәуіріндегі басқа утопист ойшылдардың көзқарастарымен салыстырғанда барынша шынайы боп шықты.

Жаңа заман дәуірінде Платон, Аристотель, Макиавеллидің идеялары жалғасын тапқан еңбектер пайда бола бастады. Бұл еңбектер сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси шындық пен адамның ұйымдық мәніне жақын болды. Олардың қатарында Т.Гоббс, Дж.Локк, Ш.Монтескье, Ж.Руссо, Т.Джефферсон, Т.Пейн және т.б. атап көрсетуге болады.

Саяси сананың нәтижесінің сапасы ретінде "қауіпсіздік" ұғымы батыс еуропалық қоғамдық-саяси ойларында да осылайша туындай бастады. Әлеуметтік қауіпсіздік адамның негізгі құндылығы мен құқығы ретінде революция кезеңінде алғаш рет қарастырыла бастады. Үшінші сословиенің - батыстық қоғамның саудагерлері мен колөнершілері жігінің саяси жеңісін білдірген маңызды құқықтық актілер қауіпсіздікті адамның ажырамас табиғи құқықтарының бірі деп жариялады. 1689 жылғы Англияда қабылданған құқықтар туралы Биллде, 1776 жылғы американдық тәуелсіздік декларациясында, 1789 жылғы француздық адам мен азаматтың құқықтары Декларациясында қауіпсіздік тікелей және жанама түрде бостандықпен, меншікпен қатар тұрған адамның табиғи құқығы ретінде қарастырылды. XIX-XX ғасырлардағы Еуропаға едәуір өзгерістер алып келген соғыстар мен революциялар адам санасының эволюциясына, оның қауіпсіздікті жаңаша түсінуіне алып келді. Бұл ұғыммен тек жеке адамның ғана емес, жекелеген мемлекет пен халықаралық қауымдастықтың да жай-күйін анықтай бастады.

Әлеуметтік қауіпсіздік - тарихи әлеуметтік құбылыс. Бұл құбылыс ұлттық қауіпсіздіктің құрылымында саяси, экономикалық, экологиялық және басқа қауіпсіздіктің түрлерімен қатар тұрады.

Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау ежелгі дүниеден бастап қазіргі уақытқа дейін әр түрлі тарихи кезеңдерде ғалымдар арасында қоғамның, социумның әлеуметтік қауіпсіздігіне қатысты бір жақты көзқарас болмағандығын көрсетеді. Қоғамның әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ғылымда бірыңғай көзқарастың болмауы белгілі бір тарихи кезеңде әлеуметтік қауіпсіздіктің мәнін түсіну сол қоғамдағы дүниетанымдық ережелердің және соған сәйкес келетін әлемнің көрінісімен байланысты болды.

Әдіснамалық тұрғыдан алғанда әлеуметтік құбылыс ретінде қауіпсіздік туралы біртұтас түсінік ұғым болуы маңызды.

"Қауіпсіздік" ұғымы сыртқы ортадағы адамның, қоғам мен мемлекеттің жағдайын сипаттайтын көп аспектілі жай-күй. Мұндай тәсіл немесе көзқарас тұрғысынан алғанда "қауіпсіздік" ұғымы сөзбе-сөз алғанда қауіптің болмауын білдіреді. Мұндай түсінік қауіпсіздікті осы сөздің немесе ұғымның тар мағынасы тұрғысынан қарастырады. Тәжірибелік жағынан алғанда мұндай анықтаманың барынша шартты сипатын байқауға болады, өйткені шынайы өмірде қауіп-қатердің мүлдем болмауы жағдайы өте сирек кездеседі.

Адамдарға кері әсер ететін, оларға бұзушы ықпал ететін көптеген жағдайлармен және факторлармен байланысқан, индивидтердің, әлеуметтік объектілердің нақты өзара әрекетінен шығатын қауіпсіздік ұғымының кеңінен қолданылуы неғұрлым шынайы болып табылады.

Адамдардың, әлеуметтік объектілердің өмір сүруіне, әл-ауқатына, қалыпты қызмет етуіне нұқсан келтіретін мұндай әсерлердің алдын алу, оларды бәсеңдету, бейтараптандыру, сондай-ақ адамдардың тіршілік-қызметін жоғары деңгейде қорғау, қолдау қауіпсіздікті неғұрлым кең тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі көптеген әлеуметтік объектілерге қатысты алғандағы қауіп-қатерлерге қарсы тұру бойынша қызмет күрделі жүйелік ұйым құруды көрсетеді. Осыған байланысты аталмыш тәсіл-көзқарас шеңберінде "қауіпсіздік" ұғымы қандай да бір әлеуметтік объектіге қатысты алғанда ішкі және сыртқы қауіп-қатерлердің алдын алу, болдырмау немесе оларды жою бойынша жүйелік-ұйымдық қызмет ретінде де қарастырыла алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Симонович Н.Е., Киселева И.А., *Проблемы социальной безопасности человека в современном обществе.* <https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-sotsialnoy-bezopasnosti-cheloveka-v-sovremennom-obschestve>.
2. Макиавелли Н. *Государь.* М., 1990. - С.57.
3. Макиавелли Н. *Государь.* М., 1990. - С.65.